

Б.Б. МАНГЫТАЕВА, Б.М. УРАЗБАЕВА, Б.А. БАЙГУТДИНОВА

С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ стоматология институтының терапиялық стоматология кафедрасының ассистенттері. Алматы

ҚЫЗЫЛИЕК ҚАБЫНУЫН ЕМДЕУДЕ ТАБИҒИ ҚҰРАМДАС ПРЕПАРАТТЫ ҚОЛДАНУ

Пародонт ауруларына кешенді емдеу кезінде қолданылған «Асыл Арман» бальзамын бағалау. «Асыл Арман» бальзамы: қабынуға қарсы, антибактериалды, анальгетикалық және регенерацияны белсендіретін әсері бар кең спектрлі фитоконплекс. Қызылиек қабынуларын кешенді емдеу іс шараларында қызыл иек байламы және қызыл иек массажды ретінде 7-10 күндік курспен қолдануға ұсынылады.

Түйінді сөздері: Синтетикалық дәрілер, халық медицинасы, емдік шөптер, табиғи минералдар.

Зерттеудің өзектілігі.

Қандай да бір аурудың дамуында қомақты орынды организмнің резистенттілігі, яғни зақымдаушы агентке қарсы тұру қасиеті маңызды рөл ойнайды. Организмнің реактивтілігі тұқымқуалаушылықтан басқа қоршаған орта жағдайына, әлеуметтік факторларға, басынан өткізген және қазіргі кездегі аурулары мен жағдайына байланысты. Қабыну – бұл ағзаның әр түрлі сыртқы және ішкі зақымдағыш факторлардың әсеріне жауап ретінде пайда болатын күрделі жалпы биологиялық реакция.

Соңғы жылдары көптеген синтетикалық препараттар біздің ағзамызбен үйлеспейтіндігіне көп көңіл бөлінуде. Медицинада қолданылатын кейбір препараттардың жанама әсерлері біздің денсаулығымызға кері әсерлерін тигізеді. Бүгінгі күні ұзақ ғасырлар бойы халық медицинасында қолданыста жүрген емдік шөптер мен табиғи минералдардың денсаулыққа тигізер оң әсерлерін растайтын көптеген ғылыми зерттеулер бар. Стоматологиялық ауруларды емдеуде дәрігер–стоматологтарға жаңа препараттарды ұсыну үшін осы дәрілердің құрамындағы заттардың қасиеттерін зерттеу қажет. Сонымен қатар препараттардың қол жетімділігі, үй жағдайында қолдануға қолайлылығы және ұзақ қолдануға болатындығы қарастырылады. [1]. Осы топқа «Асыл Арман» бальзамы да жатады [4]. Құрамы: ара балауызы 10%, эфир майы 1%, күнбағыс майы 60%, зәйтүн майы 20%, қылшықты панацерия шөбі 5%, түйе жапырақ тамыры 4%. Ара балауызы өте күрделі, үш жүзге жуық органикалық және минералды заттардан тұратын қоспа. Түйе жапырақ тамырылулинге, минералды заттарға (селен, цинк, марганец, темір, калий, магний, хром, фосфор, кальций, мыс тұздарына), майлы қышқылдарға (олеин, стеарин, палмитин, линоль) эфир майларына, флавоноидтарға, протеинге өте бай. Панацерияның фармакологиялық қасиеті қан тамырларын кеңейтеді, тыныштандыратын әсер береді, ауыру сезімін басады. Зәйтүн майында олеин және линолен қышқылдары, А, Д, Е, К витаминдері бар. Қабынуға қарсы әсері бар. Эфир майы: иммунитет жоғарылатады, қабынуға қарсы, бактерицидтік әсері бар. [3]

«Асыл Арман» бальзамы: баспа мен тонзилитте антибактериальді қасиеті зерттелген, бадамша бездің іріңді қабынуына өңезді тазалап, ісіңуді басады, иммунитетті жоғарылатады. Терапиялық стоматологияда осы бальзамның қасиеттері зерттелмегендіктен біз қызылиек қабынуында аталған бальзамды зерттеп көрдік.

Зерттеу мақсаты. Қызыл иек қабынуын кешенді емдеуде емдік шөптер экстракттары мен табиғи минералдарға бай «Асыл Арман» бальзамының клиникалық тиімділігін зерттеу.

Зерттеудің әдістері мен материалдары. Клиникалық зерттеулер ҚазҰМУ-дың терапиялық стоматология пропедевтикасы модулінде өткізілді.

- Зерттеуге жалпы соматикалық ауруы жоқ жүкті әйелдер алынды.
- Науқастардың ауыз қуысына толық санация жүргізілді.
- РМА индексі және Мюллеман бойынша қызыл иек қанағыштығы анықталды.

1 клиникалық жағдай. Науқас 25 жаста. Шағымы: қызылиегінің ісіңгеніне, ауыздан жағымсыз иістің шығуына және тісін тазалаған кезде өздігінен қанағыштығына шағымданады. Anamnesis vitae: қызылиек ауруын жүктілікпен байланыстырылады. Қарап тексергенде қызылиек қатты домбыққан және алқызыл түстенген, беті тегіс, жылтыр, бүртіктерінің, көлемі үлкейген. Сипап басып тексергенде: қызылиек қатты ауырады. Шұқып тексеру: маргинальды қызыл иек тез қанағыш. Диагноз: Қызылиектің жедел катаралды қабынуы. 1-сурет

2 клиникалық жағдай. Науқас: 35 жаста. Шағымы: қызылиегінің, көбінесе, тісін тазалағанда, ас шайнағанда аздап ауыратынына және қанайтынына шағымданады. Кейде аузынан нашар иіс шығып, әртүрлі дәм сезеді. Anamnesis vitae: жоғарыда айтылған белгілер күз-көктем айларында байқалады. Уақыт өте келе байқамай кеткен. Қарап тексергенде: қызылиек аздап домбығып, көкшіл-қызыл түстенген, қызылиек бүртіктерінің көлемі үлкейген. Сипап тексергенде: қызылиек ауырады. Шұқып тексергенде: қызылиектің қанағыштығы байқалады. Қызылиек жиегінің қалыңдауына байланысты кейде жалған пародонталдық қалталар бар сияқты көрінеді. Диагноз: Қызылиектің созылмалы катаралды қабынуы. 2-сурет

3 клиникалық жағдай. Науқас 36 жаста. Шағымы: Қызылиегінің қатты қанағыштығына, тағам шайнағанда сыздап ауыратынына, эстетикалық ыңғайсыздыққа, аузынан жағымсыз иіс шығатынына, қызыл иек бүртігінің домбыққандығына шағымданады. Анамнез vitae: қызыл иек бүртіктерінің ісіңгендігі жүктілік кезеңмен байланыстырады. Қарап тексергенде қызылиек жиегі қатты қалыңдаған, тістер-аралық бүртіктердің көлемі әртүрлі дәрежеде домбыға ұлғайған, әртүрлі деңгейде өскен бүртіктер тістер сауытын кейде толық жауып, тістеу қыры мен шайнау беттеріне дейін жеткен. Шұқып тексергенде: Қызылиектің қанағыштығы байқалады. Диагноз: Қызылиектің өсе қабынуы. 3-сурет



1-ші сурет



2-ші сурет



3-ші сурет

Емдеу жоспары:

а) этиотропты терапия: микробтық тоғаны жою, оның тіс бетіне жиналуына жол бермеу, қызылиек үсті, асты тіс тастарын алу және тіс бетін мұқият жылтыратып тазалау, арнайы тіс қақтарының индикаторы арқылы ауыз қуысының гигиенасын коррекциялау және бақылау, тіс қатарын толықтай сауықтандыру, окклюзиялық жарақаттарды таңдамалы егеу арқылы жою
б) патогентикалық терапия: қан тамырларына (микроциркуляторлы) әсер етіп, зат алмасу үрдісін жақсарту, қан тамыр тіндерінің өткізгіштігін жақсарту

Жұмыс істеу реттілігі:

- Апликациялық жансыздандыру.
- Скейлер көмегімен қызылиек үсті және асты тіс тастарын алу.
- Тістің бетін циркон пастасымен жылтырату.
- Қызылиекті 3% сүтегінің асқын тотығымен өңдеу.
- Құлақ маңындағы сілекей бездерін мақта анжымен оқшаулау.
- Қызылиекті кептіру және «Асыл Арман» бальзамынан 20 минут бойы апликация жасау.


Ақыл кеңес:

- Үйде науқас өздігінен қызылиегіне бальзаммен массаж жасайды.

Зерттеудің нәтижесі. Зерттеудің нәтижесі бойынша науқастар үшінші күннен бастап қанағаштығы тоқтағандығының, ауру сезімінің басылғандығын айтады. Объективті қарап тексергенде қызыл иек бүрттіктерінің көлемінің кішірейгендігін және тығыздалғандығын байқаймыз. Ауыздан жағымсыз иістің шығуы жойылады. Емнің нәтижелігін РМА индексі нәтижесі арқылы бағаланды.



Емге дейін



Емнен кейін

Зерттеудің қортындысы:

Қорытындылай келгенде қызылиек қабынуларында синтетикалық медикаментозды дәрі-дәрмектерден басқа табиғи құрамдас дәрі дәрмектердің емдік әсерінің жоғары екендігін анықтадық. Қызылиек қабынуының әр түрлі формасын «Асыл Арман» бальзамын қолданып емдегенде позитивті көріністерін байқадық. Қабыну индексі интенсивтілігінің төмендеуі, препараттың емдік профилактикалық қасиетінің жоғары екендігін көрсетеді. Осының барлығы дәрігер-стоматолог тәжірибесінде қызылиек қабынуларын кешенді емдеу іс-шараларында қолдануға ұсынылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сапаева Н.Г. Кунанбаева Т.С. Кумарбаева А.Т. «Изучение антимикробных свойств Малавита» // Проблемы стоматологии. – 2010. – №1-2. – С. 47- 66.
- 2 А. П. Горкин Лекарственные растения // Биология. Современная иллюстрированная энциклопедия . - М.: Росмэн, 2010. - С. 320-322 .
- 3 АСЫЛ АРМАН КАЗАХСТАН // Наше здоровье от нашей природы URL: <http://asyl-arman.satu.kz>
- 4 Сапаев Н.Г. Кумарбаева А.Т. Отечественные препараты при лечении патологии пародонта // DENTIST ҚАЗАҚСТАН . - 2008. - №7. - С. 48-49.
- 5 Кунанбаева Т.С., Кумарбаева А.Т. Применение новых отечественных препаратов «Фитолек» - при лечении стоматологических заболеваний // Стоматология мәселері. – 2009. - № 3-4. – С. 41-42.

Б.Б. МАНГЫТАЕВА, Б.М. УРАЗБАЕВА, Б.А. БАЙГУТДИНОВА

Кафедра терапевтической стоматологии КазНМУ имени С.Д. Асфендиярова.

Алматы

ПРИМЕНЕНИЕ ПРЕПАРАТОВ ПРИРОДНОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ ПРИ ЛЕЧЕНИИ ВОСПАЛИТЕЛЬНЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ ПАРОДОНТА

Резюме: Дана оценка применения бальзама «АсылАрман» при комплексном лечении заболеваний пародонта. Фитокомплексный бальзам обладает широким спектром действия: противовоспалительным, антибактериальным, анальгезирующим и ранозаживляющим. Рекомендуется применение бальзама в виде десневых повязок и при массаже десны курсом до 7-10 дней

Ключевые слова: синтетический, народная медицина, лечебные травы, природные минералы.

B.B. MANGYTAEVA, B.M. URAZBAEVA, B.A. BAYGUTDINOVA

Therapeutic dentistry KazNMU named after S.D. Asfendiyarov, Almaty

APPLICATION OF NATURAL ORIGIN PREPARATY AT TREATMENT INFLAMMATORY DISEASE OF PARADONTIUM

Resume: The assessment of application the balm AsylArman is given at complex treatment of diseases parodont. Phytocomplex balm possesses a wide range of action: render action anti-inflammatory, antibacterial, anesthetizing and stimulating regeneration. Balm application in the form of desnevy bandages and at gum massage is recommended by a course till 7-10 days.

Keywords: synthetic, traditional medicine, medicative herbs, natural minerals